ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«Ақмешіт Элит Строй»
Жауапкершілігі Шектеулі
Серіктестігі

А Э С

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
Товарищество с Ограниченной
Ответственностью
«Ақмешіт Элит Строй»

Қызылода қаласы, Амангелді көшесі н-сіз. Тел: 236405 сот: +7 702 622 55 77 e-mail: bayrzhan2011@mail.ru

06.08.2018 № 18 _____ №_____

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит Комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

Арыз

"Ақмешіт Элит Строй" ЖШС-і мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде кеткен қателіктерді мәлімдейді. "Қазалы ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі арқылы жүргізілген төмендегі конкурстар бойынша:

"2675302-2, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы "Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей" 0-16 шақырым аудандық маңыздағы автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстарын техникалық қадағалау" мемлекеттік сатып алуға қатысты бірінші және екінші жеңімпаздар "ЮжКазЭксперт" ЖШС, ""Aisar-Group"" ЖШС-і;

"№ 2674477-ОК2, "Қызылорда облысы, Қазалы ауданы "Қожабақы-Бекарыстан би" 0-18 шақырым аудандық маңыздағы автомобиль жолын орташа жөндеу" жұмыстарын техникалық қадағалау" мемлекеттік сатып алуға қатысты бірінші және екінші жеңімпаздар "SM ORDA GRUPP" ЖШС, "ЮжКазЭксперт" ЖШС-і;

"№ 2675196-ОК2, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы "Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей" 16-30 шақырым аудандық маңыздағы автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстарын техникалық қадағалау" мемлекеттік сатып алуға қатысты алдын ала рұқсат беру хаттамасы бойынша "ATM CONSULTING" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

" № 2676050-ОК2, "Қызылорда облысы Қазалы ауданы Ақтан батыр елді мекенін абаттандыру" жұмыстарын техникалық қадағалау" атты мемлекеттік сатып алуға қатысты бірінші және екінші жеңімпаз "ЮжКазЭксперт" ЖШС-і, "Инженер Строй Групп" ЖШС-і;

"2684694-1, Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігі ғимаратының құрылысына техникалық қадағалау қызметі" мемлекеттік сатып алуға қатысты бірінші және екінші жеңімпаздар "ЮжКазЭксперт" ЖШС , "SM ORDA GRUPP" ЖШС -і;

"2684451-1 Қызылорда облысы Қазалы ауданы Тұқтібаев елді мекеніндегі тұтынушылардың шекарасына ауыз су құбырын жеткізу желілерінің құрылысы

жұмыстарын техникалық қадағалау" мемлекеттік сатып алуға қатысты алдын ала рұқсат беру хаттамасы бойынша "Aisar-Group"" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

"2682388-1 Қызылорда облысы Қазалы ауданы "Қожабақы-Бекарыстан би" аудандық маңыздағы автомобиль жолының 25 шақырымындағы темірбетон көпірін қайта жаңғырту жұмыстарын техникалық қадағалау" мемлекеттік сатып алуға қатысты бірінші және екінші жеңімпаздар "ЮжКазЭксперт" ЖШС, ""Aisar-Group"" ЖШС-і;

мекемелеріне рұқсат берілген, алайда біздің тарапымыздан тексеру кезінде:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 85-2. тармағы бойынша "Техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді көрсету жөнінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде техникалық ерекшелікте **тұрақты негізде онда жұмыс істейтін техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтер көрсететін аттестаттаудан өткен инженерлік-техникалық қызметкерлердің** әлеуетті өнім берушілерде болуы туралы талап көрсетіледі. Аттестаттаудан өткен инженерлік-техникалық қызметкерлердің қызметтің көрсетілген түрін жүзеге асыратын басқа ұйымдарда жұмысты қоса атқаруына жол берілмейді."- делінген, осы орйда, тиісінше конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің 5.4 тармағы бойынша Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамаға **инженерлік техникалық қызметкерлердің (ИТҚ) инжинирингтік қызмет көрсетудің техникалық қадағалауды жүзеге асыру** бөлігіне қатысты аттестациядан өткендігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін салу талап етілген. Бірақ мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы комиссия мүшелерінің тарапынан жоғарыда аталған конкурстарыдың тиісті жеңімпаздары өз өтінімдерінде еңбек ресурсы бойынша тиісті қызмет көрсету талабымен **инженерлік техникалық қызметкерлер (ИТҚ) барын растау туралы мәлімет көрсетілмегендіктен негізсіз рұқсат етілген.**

Сонымен қатар " № 2676050-ОК2, "Қызылорда облысы Қазалы ауданы Ақтан батыр елді мекенін абаттандыру" жұмыстарын техникалық қадағалау" атты мемлекеттік сатып алуға қатысты екінші жеңімпаз "Инженер Строй Групп" ЖШС-і тиісті жауапкершілік деңгейіндегі объектілерді техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыру құқығына акредиттелгені туралы мәлімет жоқ.

Осы аталған мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде көрсетіп отырған қателіктерді және егер бар болған жағдайда, басқада қателіктерді негізге ала отырып, айтылған конкурстарды тиісті заң талаптарына сай қайта қарауды сұраймыз.

Директор **Байкушкенов Ж.А.**